

## Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 13 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 3 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 01 ақпанда № 3777 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 246 ұсынысына сәйкес ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Көздіғара ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 13 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3695 тіркелген, аудандық "Қызылқоға" газетінің 2016 жылы 15 желтоқсанында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Б. Қабесов*